


Құммен сурет салу өнері



Құммен сурет салу- құмды өнер, құмды анимация – бейнелеу өнерінің ерекше әрі жаңаша бағыты. Бастапқы кезеңде бұл өнер түрлі мультфильмдердің, анимациялық фильмдердің сюжетін жасауда кең қолданылған.



Осы өнерді игерем деуші адам үшін ең бастысы – шеберлік. Себебі суретшіден тек әйнек бетіне бейнелерді түсіріп қана қоймай, құмды сезіне білу қабілеті талап етіледі. Құммен сурет салу өнерінің тарихы ХХ ғасырдың 70-жылдары АҚШ-та бастау алды. Құммен сурет салу өнері Қазақстанға 2009-2010 жылдары келді. Ал Қызылордаға осыдан екі жыл бұрын ғана осы өнер жаңалық болып енді. Оны алғаш жан-жақты дамытқан – қылқалам шебері Дәулетбек Тойшыбаев.



Алайда, құммен сурет салу денсаулыққа да пайдалы. Жалпы, құммен сурет салу – әрі кәсіп, әрі өнер, әрі дерттің шипасы. Саусаққа тиген құмның түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан әрбір жасушаны оятып, жүйке жүйесін де тыныштандырады екен. Мамандардың айтуынша, құм терапиясы баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, мінезінің ашылуына, бойындағы қиындықпен күресуге де көмектеседі және ойлау қабілетін дамытып, зейінін арттырады.



Назарларыңызға рахмет!

- Ақпарат seykhuninfo.kz, baq.kz, Wikipedia.org сайттарынан алынған